

2013 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы N 41 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 ақпанда № 1889 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы негізінде, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне" сәйкес Жамбыл облысы Меркі ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2013 жылы қоғамдық жұмыстарды жүргізетін Меркі ауданы аумағындағы мекемелердің тізбесі № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс № 2 қосымшаға сәйкес айқындалсын.

3. "Меркі ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (Ш.Әбілқасымов) жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға бағытталуын қамтамасыз етсін, аудандық мекемелердің басшылары және ауылдық округтердің әкімдері азаматтарды қоғамдық жұмысқа тартқан кезеңде нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарды ескерсін.

4. "Меркі ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (А.Қасабеков) қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджеттен уақтылы қаржыландыруды және қоғамдық жұмыстарға бағытталған қаражаттардың мақсатты жұмсалуын қамтамасыз етсін.

5. Қоғамдық ақылы жұмысқа қатысқан азаматтардың еңбек ақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген ең төменгі жалақының екі есе мөлшерінде белгіленсін және оларды қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүргізілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары

Т.Б.Рысқұлбековке жүктелсін.

7. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 қаңтарынан туындайтын қатынастарға таралады.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Қ.Смайлов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жамбыл облыстық филиалының Меркі аудандық бөлімшісінің бастығы

Е.Ахтамбердиев

31.01.2013 ж.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Жамбыл облысы Меркі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы

К.К.Нурдинов

31.01.2013 ж.

"Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Жамбыл облысы Әділет департаменті Меркі ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ж.К.Сатылғанов

31.01.2013 ж.

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Жамбыл облысы бойынша салық департаментінің Меркі ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ш.Б.Бегасылов

31.01.2013 ж.

"Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің Меркі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы

М.М.Ережепов

31.01.2013 ж.

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жамбыл облысының Төтенше жағдайлар департаменті Меркі ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Р.А.Курбанов

31.01.2013 ж.

2013 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін Меркі ауданы аумағындағы мекемелердің тізбесі

1. "Меркі ауданы Меркі ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
2. "Меркі ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
3. "Меркі ауданы Сарымолдаев ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
4. "Меркі ауданы Ойтал ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
5. "Меркі ауданы Андас батыр ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
6. "Меркі ауданы Ақарал ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
7. "Меркі ауданы Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
8. "Меркі ауданы Аспара ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
9. "Меркі ауданы Ақермен ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
10. "Меркі ауданы Рысқұлов ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
11. "Меркі ауданы Жаңатоған ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
12. "Меркі ауданы Кеңес ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
13. "Меркі ауданы Сұрат ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
14. "Меркі ауданы Тәтті ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
15. "Меркі ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
16. "Меркі ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
17. "Меркі ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

18 "Меркі ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

19 "Меркі ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

20 "Меркі ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

21. "Меркі ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

22. "Меркі ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

23. "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Жамбыл облысы Әділет департаменті Меркі ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

24. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Жамбыл облысы Меркі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі;

25. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Жамбыл облысы бойынша салық департаментінің Меркі ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

26. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының Жамбыл облыстық филиалының Меркі аудандық бөлімшесі;

27. Меркі ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

28. "Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің Меркі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

29. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігі Жамбыл облысының Төтенше жағдайлар департаменті Меркі ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

Меркі ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 31 қаңтардағы
41 қаулысына № 2 қосымша

2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

№	Жұмыс түрлері	Нақты жұмыс жағдайлары	Көлемі	Қаржы көздері	Сұраныс	Ұсыныс
		1. Арық тазалауға жәрдемдесу 2. Қокыс шығаруға жәрдемдесу 3. Бағаналарды сырлауға жәрдемдесу				

1	Аудан аумағын экологиялық сауықтыру (көріктендіру көгеріштендіру және тазалық жұмыстары)	4. Аялдамаларды сырлап, әктеуге жәрдемдесу 5. Гүл егу және гүлзарларды күтуге жәрдемдесу 6.Тал егуге жәрдемдесу 7.Талдардың түбін әктеп ретке келтіруге жәрдемдесу	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	110	110
2	Аудандық және аумақтық науқандар өткізу шараларына қатысу	1.Сауалнама жүргізуге жәрдемдесу 2.Санақ жұмыстарына жәрдемдесу 3.Әскерге шақыру комиссиясына көмек көрсету	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	40	40
	Барлығы				150	150

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК